

Абнасырова Р.Ж.  
С. Демирел атындағы университет  
Филология ғылымдарының кандидаты

### Қазақ-орыс қостілділік жағдаятындағы морфологиялық интеркаляция

Қостілділік – тілдің қызметі, құрылымымен байланысты көп аспектілі құбылыс және лингвистиканы басқа ғылым салалары – әлеуметтану, психология, этнопсихологиямен байланыстырады. Тілдер қатынасы теориясының негізін салушы У. Вайнрайхтың көрсетуінше, екі тілді қатар қолдану практикасы – қостілділік. Э.Д. Сүлейменованың басшылығымен жасалған «Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігінде» қостілділік «жеке адамның немесе қоғамның бірнеше тілді меңгеруі, қолдануы» [1, 152 б.] деп анықталған. Ал Б. Хасанұлы «Қостілділік – белгілі бір территория көлеміндегі ұлтаралық (этносаралық) қарым-қатынасқа түсетін белгілі бір этникалық қауымдастық өкілдерінің, бүкіл қоғамның (социумның) әр түрлі жағдайда екі тілді (әдетте, ана тілі мен екінші бір тілді) алма-кезек немесе қатар қолдануы» деген анықтама бере отырып, «егер адам, адамдар тобы, қоғам этникалық белгісіне қарай қанша алуан болса да, екі тілде сөйлесе (жазса, оқыса) ғана қостілді (билингв) болып саналады» [2, 132 б.] деген тұжырым жасайды.

Қазіргі кезде ауызекі сөйлесуде *остановка* (*Остановкаға тоқтай саласыз ба?*), *проезд* (*Проезд бере салыңыздар!*), *пробка* (*Алматының пробкасынан шаршадым.*), *короче* (*Короче, айтатының не?*), *вообще* (*Мен вообще оқыған жоқпын.*), т.б. сөздерді араластырып қолдану жиі ұшырасады. Бұндай кері құбылыс, тілдік нормадан ауытқушылық тіл білімінде *интерференция* деп аталады.

Интерференция – тілдік қатынастардың нәтижесі. Бұл екі тілдің өзіндік айырмашылықтарына байланысты болып келеді және екінші тілді меңгерумен қатар жүреді. Лингвистикалық аспектіде интерференция қостілді адамның бір тілінің екінші тілге санасыз әсерінің үдерісі, сондай-ақ осы ықпалдың нәтижесі болып табылады. Интерференция, әдетте, үстем тілдің екінші тілге әсері арқылы жүзеге асырылады [1, 115 б.].

А.Е. Карлинский өз еңбегінде орыс-неміс және қазақ-неміс тілдерінің бір-біріне әсерін қарастыра отырып, *интерференцияны* қостілдінің сөйлеу тіліндегі тек бірінші тілдің  $T_1$  әсерінен болған екінші тілдегі  $T_2$  нормадан ауытқушылық деп түсінуді ұсынады да, екінші тілдің  $T_2$  әсерінен болған қостілдінің бірінші тіліндегі  $T_1$  нормадан ауытқушылықты *интеркаляция* деп атайды [3, 127-128 бб.]. Қазақ-орыс қостілділігінде бұл құбылыстың ғалым көрсеткен екі жағы да кездеседі. Жоғарыда көрсетілген мысалдар автордың бөлуі бойынша екінші жақтық құбылыс, яғни, екінші тілдің ана тілге кері әсері. Біз де өз еңбегімізде А.Е. Карлинскийдің бөлуі бойынша орыс тілінің қазақ тіліне келтіріп жатқан кері әсерін *интеркаляция* деп атауды жөн көрдік.

А.Е. Карлинский жіктемесі бойынша қостілділіктің әсерінен туындаған тілдік қатынастағы интеркаляцияны біржақты құбылыс деп қарастыруға болады, бірақ бұл интерференция құбылысымен сабақтас қаралады. Қазақ тіліндегі интеркаляцияның туындауы бірнеше себепке байланысты. Басты себеп – әлеуметтік ортада «кірме сөздердің» біраз уақыттан бері орыс тілінде қолданылып келуі. Бұл құбылыстардың пайда болуы біріншіден, қостілділердің екінші тілге қарағанда бірінші тілді төмен деңгейде меңгеруі; екіншіден, әлеуметтік ортада бұл сөздердің жиі қолданыс табуы. Ал енді *грамматикалық интерференция* мәселесіне тоқталсақ – бұл өз ана тілінің грамматикасының әсерінен екінші тілдің грамматикалық нормасының бұзылуы болса, *грамматикалық интеркаляция* екінші тілдің әсерінен ана тілінің грамматикалық нормасының бұзылуы. Мұндай ауытқудың себебі, үйренуші тіл мен ана тіліндегі сөздердің байланысының бірдей еместігінен туындайды.

Осы уақытқа дейін грамматикалық интеркаляция туралы ғылыми зерттеулер жоқ болғанымен, ол грамматикалық интерференцияның негізінде қаралып келді. Грамматикалық интерференция деңгейіне сәйкес интеркаляция да морфологиялық және синтаксистік

интеркаляция болып бөлінеді. Біздің бұл мақалада қарастыратын мәселеміз – қазақ-орыс қостілділігіндегі ауызекі сөйлеу тілінде кездесетін морфологиялық интеркаляция.

Қазақ тіліне араб-парсы тілдерінің ықпалымен енген бірен-саран қосымшалардың, яғни морфологиялық тұлғалардың кездесетінін біздің тілші-лингвист ғалымдар баяғыда дәлелдеген. Ондай морфологиялық тұлғаларға «хана» (шайхана, дәмхана, дәріхана т.б.), «кент» (Ташкент, Шымкент, Саудакент т.б.), «паз» (әсемпаз, өнерпаз, жеңімпаз т.б.) сияқты т.б. тұлғаларды жатқызып жүрміз. Сондай-ақ, тіліміздегі «бей» (бейшара, беймаза, бейдауа т.б.) деген жалғыз приставканы да парсы тілінен келгені белгілі. Осылар секілді тағы да бірталай морфологиялық тұлғалар араб-парсы тілінен біздің тілге енген болар. Бірақ олар қазақ тіліне мүлдем сіңісіп, өздерінің жат тілдік элемент екенін білдіретін сипатынан айырылып қалған.

Ал қазақ-орыс қостілділігі жағдайында екі тілдің бір-біріне ықпал-әсеріне байланысты тілімізге енген орыс тілінің морфологиялық тұлғалары бар ма дегенге келейік. Қазақ тілі мен орыс тілі табиғи бітім-болмысы жағынан бір біріне кереғар тілдерге жататыны белгілі. Алайда осы екі тілді тұтынушы халықтардың ұзақ жылдар бойы қатар тұрмыс-тіршілік етіп, тығыз қарым-қатынаста болуына байланысты бір-бірлеріне ықпалы аз болмағаны шындық. Әсіресе, орыс тілінің қазақ тіліне ықпалы айқын сезіледі. Сол себептен орыс тілінен біздің тілге енген бірен-саран морфологиялық тұлғалар бар.

Ал шығу тегі басқа-басқа тілдер аралас-құралас болып, ұзақ уақыт бойы бір аймақта бірге болса, бұл үдеріс қалай өтуі мүмкін? Мәселен, Қазақстан жағдайындағы қазақ-орыс тілінің қарым-қатынасы, олардың бір-біріне әсері мен ықпалы қалай болып жатыр? Бірақ қазақ пен орыс тілі арасындағы функциялық шекара бүгінге дейін әлі нақты белгілене қойған жоқ. Әсіресе, қазақ-орыс қостілділігінің біздің қоғамдық өмір салтымыздағы бүгінгі функциясын айқындау аса маңызды. Шындығында, бұл – аса назар аударатын мәселе. Қостілділік жағдайда тілдік қарым-қатынастың (коммуникацияның), байланыстың жүзеге асуы олардың дыбыстық жүйелеріндегі өзгерістерді сөз етпегеннің өзінде, екі тілдің лексика-морфологиялық, синтаксистік-стилистикалық нормаларына да әсер етіп, әсіресе, қазақ тілінің табиғи қалпын бүлдіріп, түрлі келеңсіз құбылыстардың пайда болуын туғызып жатыр. Бұл болса, тіл мәдениетіне баса назар аударуды қажет етіп келеді.

Тілдегі өзгерістер мен жаңалықтар жайдан-жай пайда бола салмайтыны белгілі жайт. Оны тілді тұтынушылардың түрлі қажеттілігі туғызады. Олардың түрлі қоғамдық іс-әрекеті барысында тілдің қолданылуы оның жүйесіндегі өзгерістердің шынайы сипатын көрсетеді. Тілдің қоғамдық қарым-қатынастық (коммуникативтік) қызметі әр тілдің өзіндік ерекшеліктерін айқындаумен қатар сол тілдердің тілдік құралдарының дәстүрлі қолданысына да әсер етеді.

Қоғамдағы тілдік жағдай және қоғам мүшелерінің оны қажет етуі мен олардың сан алуан іс-әрекет түрлері, сондай-ақ, мемлекеттік тілдік саясат оған едәуір ықпалын тигізеді. Қазақстандағы қазіргі тілдік жағдай мен саясат қазақ тілінің еліміздегі қоғамдық-әлеуметтік қызметіне ықпал етіп, оның түрлі формаларының қалыптасып, одан әрі дамуына қолайлы болғанымен, еліміздегі қостілділік, яғни ресми тіл болып саналатын орыс тілінің бұрынғыша көптеген қоғамдық қызмет көрсету орындары мен кәсіби орта және кәсіби жоғары білімді мамандар дайындауда әлі қарқынды пайдаланылуы ондай мүмкіндікті толықтай бермей, керісінше, оның кейбір әдеби нормаларының бұзылуына себеп болып жатыр.

Бұрын біз тілімізге қасақана жасалған қиянатты Кеңес үкіметінің саяси-идеологиясының ықпалымен қате түсініп, «Қоғам дамуының барысында тіл жетіліп, дамып отырады. Қоғам өміріндегі жаңалықтар ең алдымен тілдің сөздік құрамына жаңалық, өзгерістер енгізеді. Бұны тіліміздің сөздік құрамынан толық көруге болады: Совет, социализм, коммунизм, колхоз, совхоз, трактор, комбайн сияқты жүздеген жаңа сөздер кірді» [4, 6 б.], – деп тілімізге дыбыстық-құрылымдық жағынан игерілмей, зорлықпен ендірілген және күні ертең оны ішінен ірітетін бөгде тілдік сөздерді жатсынбай қабылдап қана қоймай, сол қате таным-түсінігімізді күллі оқулық-оқу құралдарына жазып, оны оқытып-үйретіп, жас ұрпақтың санасын да улап келдік. Басқыншылық идеологияның

санамызды әбден улап, түп тамырымыздан үзіп тастағаны соншалық – тілімізге келе жатқан нәубетті күн ілгері сезінген Халел Досмұхаметұлы сияқты ғұламаларымыздың: «...елдің елдігіне негіз болып тұрған нәрселердің де абайламастан өзгеріп кететіні болады. Мәдениет қуған елдің ең алдымен тілі өзгермекші» [5, 82 б.] деген ескертулерін де қаперге алуға мүмкіншілігіміз болмай қалды.

«Орыс тіліне оңтайлап, ондырмай жазып берген аты-жөнін малданып, алданып жүргендер қанша. Өз сөзіміздің буын, дыбысын ажырата алмайтын халге жеттік. Тіл өз иммунитетінен біржола айырылды деуге болады. Сөйтіп жүріп орыстар қазақ сөзін айта алмайды деп күңкілдейміз. Олар айта алмауы заңды. Өйткені, тілдік иммунитеті бұзылмай сақталған. Сол иммунитеттің жоқтығынан қарапайым да күдіретті, ұлы заңдарымызды жоюға шақ қалдық» [6, 8 б.], – деген қазақ тілі дыбыстық жүйесін індетте зерттеген, көрнекі ғалым С. Мырзабектеннің сөзінде үлкен мән жатыр. Себебі, орыс тілінің «игі ықпалының» әсерінен қазіргі тіліміздің дыбыстық жүйесі мен сөздік құрамы тұрмақ, тілдік құрылымы (грамматика) да өзгере бастады. Қазір біз тіліміздің табиғи бітім-болмысына жат, бөгде тілдік дыбыстар мен дыбыс тіркесімдерінен тұратын сөздерге қазақша қосымшаны қиналмай жалғап, «кентавр» сөзге айналдырып, тілімізді бұрап сөйлеп-жазумен қоймай, қазақ сөздеріне де орыс тілінің қосымшаларын жалғауды дәстүрге енгіздік. Мысалы: *апашика, әжсека, ағашика, аташика (Привет, әпкешика, жаздай жақсы ма?)*. Келтірілген мысалда қазақша сөздерге сыпайылық мәнді білдіру, еркелеу мағынасында орыс тілінің *-ка, -шика* аффиксі жалғанған. Қазақ тілінде бұл сөздерді орыс тілінің жұрнағын қолданбай-ақ *апатай, әжсетай, ағатай, аташым, әпкетай* деп қолданса орынды болар еді. Қазіргі уақытта сөйлеу тілінде *қызымка* сөзі актив сөздердің бірі.

Сонымен бірге, аты-жөнімізге, яғни тегімізге жалғанып жүрген, кірме қосымшаға айналып кеткен орыстың «*ов*», «*ев*», «*ин*» қосымшаларын айтуға болады. Тек осы қосымшалардың өздері ғана тіліміздің ұлы заңдарын ала тайдай бүлдіріп, ойран салып жүр. Мәселен, Алматы қаласы көліктерінің билет тексерушілері: «*Келесі аялдама Сейфуллина, Байтұрсынова, Әуезова*» немесе «*Мұратбаева, Жарокова, Қалдаяқова бар ма?*» деп хабарлап-сұрап жататындарына, *Абая-Саинада тұрамын; Мұстафина көшесінен тоқтай салыңыз; Жароковадан алып кетші* және т.б. Абай Құнанбаев, Жұмат Сайын, Ғабиден Мұстафин, Тайыр Жароков, Мұхтар Әуезов, Шәмші Қалдаяқов, Сәкен Сейфуллин, Ахмет Байтұрсынов атындағы көшелерге орыс тілінің *-а* септік категориясын қосып қазақ тіліндегі белгілі адам аттарының бұзылып айтылып жатқанына мән бердік пе? Біздің ойымызша, бұл – мысалға келтірілген жаңағы қосымшалардың психоллингвистикалық әсерінен туындап жатыр. Қазақ сөзіне жалғанған орысша қосымша өзінен кейін міндетті түрде орысша қосымшаның келуін қажет етіп, қазақтілді билет тексерушілерге «*Келесі аялдама Сейфуллин көшесі*» немесе «*Сейфуллиннен түсетін бар ма?*» дегізбей тұр.

Қазіргі уақытта сөздерге орыс тілінің анықтауыштық мағынадағы *-ский* аффиксін қосып (*Кандидатский*ңді қашан бітіресің; *Ағай жазда докторский*ін қорғап алыңты; *Мен мынауский, қатқанский* қыз көрдім; *Қыздарский, ұлдарский, жігіттерский* киім) қолданушылықпен бірге, сөйлеу тілінде *Қай жерден?* деген сұраққа *Чимкентская, Жамбулская, Алматинская* деген жауапты да еститініміз рас.

Қазақ тіліне орыс тілінің қатты әсерінен қалыптасқан қосымшаның бірі – орыс тілінің женский род категориясының қосымшасы деуге болады. Бұл қосымша қазақ тілінің ауызша да, жазбаша да тілінде белсене қолданылып жүр. Оның негізгі қолданылу өрісі қазақ қыздарының бірқатар есімі екені барша жұртқа белгілі. Қазіргі тілімізде «*Гүлнара, Гулнура, Динара, Айнура, Аселья, Жанара, Анара* т.б.» деген есімдер де өте жиі кездеседі. Сондай-ақ, қазақ қыздарының есімдеріне орыс тілінің «*ка*» қосымшасын қосып сөйлеу де қазір үрдіске (тенденция) айналғаны мәлім. Осындай тек категориясын қазақ тілінің қажет етпесі айдан анық бола тұрса да, кейбір сөз қолданыста кездесіп қалған *мұғалім-мұғалима, азамат-азаматша* сөздерінің болашағы ұзақ болмағаны баршамызға белгілі. Әлбетте бұл – орысша «*учитель – учительница*», «*гражданин – гражданка*» сөздерінің тура көшірмесі екені рас. Осыған байланысты кей жерлерде *төраға* (атқару комитетінің төрағасы, жиналыстың төрағасы) сөзін, осы қызметті атқарып жүрген әйел адам болса, *төрайым* деп қолдану да

бар. Егер дәл осылай қолданар болсақ, *ага инженер, ага ғылыми қызметкер, ага оқытушы, кіші лейтенант* деген термин сөздеріне де жарыспалы балама іздеуімізге тура келеді. Орыс тіліне еліктеп ер адам мен әйел адамның әрқайсысына қатысты болған атаулардың бас-басына «род» ұғымын тудыратынлықтай форма іздеуге ұмтылу қазақ тілінің табиғатына жат ұғым. Қазақ тілінде тек категориясының тілдік көрсеткіші жоқ. Қызмет бабындағы атаулар тек қана ер адамдарға қатысты сияқты көрінгенімен, баршаға ортақ атаулар деп қабылдануға тиіс.

Жалпы морфологиялық интеркаляцияның пайда болуына кейде екінші тілге еліктеу де әсер етуі ықтимал деген ой-тұжырымға келдік. Дегенмен, тілдердің бір-біріне әсерінің әрбір тарихи дәуірде, сол дәуірдің өзіне тән саяси-әлеуметтік себептеріне сәйкес, түрлі мазмұнда (жағымды, жағымсыз т.б.) болатыны белгілі жайт. Осы орайда қазақ тіл білімінің атасы Ахмет Байтұрсынұлының бұдан тоқсан жыл бұрын: «Біздің қазақтың ісі жаңа басталып келеді. Не болары белгісіз. Қазақ я құрып жоқ болар, я өз тілімен өзгелердей тіршілік етер. 20-шы ғасырға шейін түріктің тілін аздырмай асыл қалпында алып келген, тіл турасындағы абырой мен алғыс қазаққа тиісті. Атаның аздырмай берген мүлкін қолымызға алып быт-шытын шығарсақ, ол ұнамды іс болмас» [7, 399 б.], – деген аталы сөзін естен шығармауымыз абзал.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сүлейменова Э.Д., Шәймерденова Н. Ж., Смағұлова Ж. С. Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі. Словарь социолингвистических терминов. – Астана: Арман-ПВ, 2008. – 391 б.
2. Хасанов Б. Ана тілі – ата мұра (қазақ тілінің жер жүзі тілдері жүйесіндегі алатын орны). – Алматы: Жазушы, 1992. – 272 б.
3. Карлинский А.Е. Основы теории взаимодействия языков и проблема интерференции: автореф. дисс. д-ра. филол. наук. – Киев, 1980. – 48 с.
4. Барлыбаева Р. Қазақ тілінде сөз мағынасының кеңейуі мен тарылуы. – Алматы: Мектеп, 1968. – Б. 6.
5. Досмұхаметұлы Х. Аламан. – Алматы: Ана тілі, 1991. – Б. 82.
6. Мырзабектен Н.С. Қазақ тілінің айтылым сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словар, 2001. – Б. 8.
7. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – Б. 395.

### Резюме

*В данной статье даётся определение таким терминам как, двуязычие, интерференция, интеркаляция, а также рассматривает вопросы морфологической интеркаляции в устной речи двуязычных индивидов.*

### Resume

*In this article are given the definitions about such terms as bilingualism, intercalation, interference and also considers questions morphological intercalation in oral speech of bilingual individuals.*

### Özet

*Bu makalede dilbilimindeki çift dil kullanma, interferensi, interkalasyon terimlerine açıklama verilerek, Rusça ve Kazakça çift dili kullanmadaki morfoloji interkaliasyon meselesine değiniliyor.*